

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 2 ақпан 1994 ж. N 44-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 8 маусымдағы N 1218 қаулысын орындау үшін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 жыл, N 19, 234-бап) және авария, апат және табиғи зілзаладан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық тұрақты басқару жүйесін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Республиканың министрліктері мен ведомстволары жұмыстан тыс, демалыс және мереке күндері орталық аппараттардағы бірінші басшылардың қабылдау бөлмелерінде қосымшаға сәйкес жауапты адамдардың кезекшілік атқаруын ұйымдастыратын болсын.

Тағайындалған кезекшілердің міндеті мен жауапкершілігіне төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөйінде дер кезінде шаралар қолдану үшін тәуліктің қай уақытында болсын министрліктер мен ведомстволардың басшыларына төтенше жағдайлар туралы ақпаратты және жоғарғы басқару органдарының өкімдерін қабылдап алып дереу жеткізуді қамтамасыз ету жатқызылатын болсын.

2. Республика министрліктері мен ведомстволарының бірінші

басшылары кезекшілік және кезекшілік-диспетчерлік қызметтің тыңғылықты жұмысын қамтамасыз етсін, қол астындағы құрылымдардың пайда болған төтенше жағдайларда уақтылы әрі пәрменді әрекет жасауын жеке өзі бақылауға алсын және оның зардаптарын болдырмау үшін белсенді түрде жедел шаралар қолданатын болсын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 2 ақпандағы
N 44 өкіміне
Қосымша

Бірінші басшыларының қабылдау бөлмелерінде жұмыстан

тыс уақытта орталық аппараттардағы жауапты қызметкерлердің
кезекшілігін ұйымдастыратын Қазақстан Республикасының
министрліктері мен ведомстволарының
Тізімі

Денсаулық сақтау министрлігі
Өнеркәсіп министрлігі
Байланыс министрлігі
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі
Көлік министрлігі
Энергетика және отын ресурстары министрлігі
Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет
Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен
қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитет
Атом энергиясы жөніндегі агенттік
"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Қазэнергоқұрылысмонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік әуекомпаниясы
"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы
"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы
"Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы
"Қазақстанэнерго" мемлекеттік электроэнергетикалық компаниясы
"Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы